

Қызмет көрсету туралы шарт №23

Сарыағаш қ.

« 01 » 09 2023 г.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын ЖК «Бейсебаева Зауре Ибадуллаевна», Талон атынан әрекет ететін бысшысы Бейсебаева Зауре Ибадуллаевна, бір тараптан және бұдан әрі Орындаушы деп аталатын ШП Ақтармасы (ЖК атауы), негізінде әрекет ететін (Талон негізінде)

Басшысы Абуова Ақтармасы Сейрамановна (ТАЖ), екінші

тараптан, негізінде қызмет көрсету туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

1.1 Орындаушы, ЖББМ № 1678 Ақтармасы (Мектеп атауы) Түркістан

облысы Сарыағаш аудандық білім бөлімінің ағымдағы оқу жылына бекітілген Меню және бағаларына сәйкес білім бөлімінің шарттарымен талаптарын сақтай отырып, қызмет көрсетуге міндеттеледі, ал Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметті қабылдауға және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарына сәйкес ол үшін ақы төлеуге міндеттеледі:

Келісім шарттың сомасы Түркістан облысы Сарыағаш аудандық білім бөлімінің бектен оқушылардың тізімдеріне және бағаларына сәйкес айқындалады;

1.2 Тапсырыс берушінің қызметтері және негізгі салық және бюджеттік төлемдерді (ҚҚС 12% ИНП 10%), мектептердің жалдау ақысын, СЭС зертханалары үшін төлемді және басқаларын шегергенде.

1.3 Бюджеттен каражат түскен кезеңде ЖК қоймасынан алынған тауар үшін соманы шегергенде.

1.4 Төменде келтірілген құжаттар мен онда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) Мәзір;
- 3) Сарыағаш ауданының білім бөлімінің 2023 жылға арналған жадынамасы

2 Тараптардың міндеттемелері

2.1 Орындаушы:

- 1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісті орындалуын камтамасыз етуге;
- 2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттамада, техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкестігін камтамасыз етуге;
- 3) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;
- 4) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;